

10 > Бердібек Сапарбаев – дәуірге жетер даналық иесі



8 > Сандарды неге көп сынайды?



# DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№7 (18515)

13 ақпан 2025 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

9 >

## ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕСЕПТЕЛУІ: ЖҮЙЕ ЖАҢҒЫРУЫ БАСТАЛДЫ



2 > ШҚО «Ақылды» өңірлердің үздік үштігінде

Цифрландырудың дамуы - ШҚО

«Ақылды қалалар» жобасы:

- 26 өңірлік деңгейдегі өңірлік саясиарыққа қолданыстағы жоба
- Әлеуметтік саяси қалалардағы арқалық виртуалды сәтте аяқты
- 3 орынға

2024 жылғы ШҚО Қазақстанның «Ақылды қалалары» рейтингінде жеңіліс

5 > Миллиондаған сыйақы төленеді



**ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА бойынша:**

Құрметті оқырмандар!  
«ALTAI-NEWS» медиаорталығы цифрлық контенттің кеңінен таралуына және баспа БАҚ-та телебағдарламаларға сұраныстың төмендеуіне байланысты «Didar» және «Рудный Алтай» газеттерінде телебағдарламалар жарияланбайтынын хабарлайды.  
Түсіністік танытқандарыңызға алғыс білдіреміз және сіздерге қазақстандық телеарналардың бағдарламаларымен танысу үшін сайттар тізімін ұсынамыз:  
– Қазақстан – qazaqstan.tv  
– Хабар – khabar.kz  
– Астана ТВ – astanatv.kz  
– Ел арна – elarna.kz  
– КТК – ktk.kz  
– 1 арна «Евразия» – 1tv.kz  
– 31 арна – 31.kz  
– 7 арна – tv7.kz  
– НТК – ntk.kz  
– Қазспорт – qazsporttv.kz

**Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру**

1) Жобаның атауы:  
– Жоспарланған іс-шараның ықтимал әсерлері туралы есеп «Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылынан шығысқа қарай 13 шақырым жерде орналасқан «Тақырыпсыз 2» ағысы үшін арнаны бұру арнасының құрылысы».

2) Аумағына әсер ету мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:  
– Ақбұлақ а.о., Марқакөл ауданы, Шығыс Қазақстан облысы облысы.  
Жер телімінің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары (UTM 45 аймағы): 1) 48°29'49,66864" се 85°10'0,73864" шб, 2) 48°29'50,9488" се 85°10'3,11601" шб, 3) 48°29'55,94814" се 85°9'6,21539" шб, 4) 48°29'51,57526" се 85°9'48,77911" шб, 5) 48°29'41,73047" се 85°9'44,61485" шб, 6) 48°29'27,69663" се 85°9'44,98094" шб, 7) 48°29'34,30456" се 85°10'8,45119" шб, 8) 48°29'40,46993" се 85°10'14,6147" шб, 9) 48°29'46,01367" се 85°10'5,02668" шб, 10) 48°29'46,97312" се 85°10'4,99502" шб.

3) Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты:  
– Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а.о., Ақбұлақ а., Абай кш., 22 (өкімдік ғимараты), 20.05.2025 ж. сағат 12:00.

4) Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:  
– «ГРК МЛД» ЖШС, БСН 221040010936, Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а.о., Индустриалды аймақ «ГРК МЛД» тау-кен байыту комбинаты, 1 ғимарат, тел.: +7 7232К 20-34-05, e-mail: manager@grkmlid.kz.

5) Ықтимал әсерлер туралы есеп авторының мәліметтері мен байланыс деректері:  
– «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ» ЖШС, БСН 141140017741ШҚО, Өскемен қ., 3-ші Кең шолағы, 21, тел.: +7 777 495 09 75, e-mail: pscprof@mail.ru.

6) Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін, Бірыңғай экологиялық порталға және тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтемесі;  
– Бірыңғай экологиялық портал (БЭП) – <https://ecoportal.kz/> «Жарияланған тыңдаулар» бөлімі;  
– ЖАБ сайты «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі.

7) Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға үшін электрондық мекенжайы мен телефон нөмірі:  
– эл.мекенжай: pscprof@mail.ru және manager@grkmlid.kz;  
– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 777 74916 16.

8) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жіберетін электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы:  
– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – «Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» РММ: vko-ecoder@ecodeo.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к., 12;  
– ЖАБ «ШҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ a.eldarbekova@akimvko.gov.kz, ШҚО, Өскемен қ., К. Либкнехта к., 19.

2025 жылдың 8 ақпанында өулетінің қадірлі бөйтерегі, асыл ана, ардақты әже Нүрбөтiш Қатанова 90 жасқа қараған шағында өмірден озды.  
Нүрбөтiш анамыз – ғибратты ғұмыр кешкен, бүкіл саналы өмірін адал еңбек пен отбасының берекесін сақтауға арнаған жан. Ол ұрпағына ізгілік пен парасаттылықтың үлгісін көрсете білген, жүрегі мейірім мен қамқорлыққа толы асыл адам еді. Адалдығы мен қайсарлығы, парасаты мен жан жылуы оны білетін әр адамның жүрегінде сақталмақ...  
Асыл анамыздың артында өшпес ізі, жалғасын тапқан ұрпағы қалды. Оның ақыл-көңесі, өмірлік тағылымы біз үшін мәңгілік мұра болып қала береді.  
Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын. Қош болыңыз, асыл жан!  
**Өскемен қаласы өкімдігінің ұжымы**

**Қосымша құн салығы мөлшерлемесінің артуы бағаның өсуіне әсер ете ме?**

Көбінесе ҚҚС мөлшерлемесінің өсуі бағаның күрт қымбаттауына әсер етеді. Бірақ елімізде олай болуы мүмкін бе? Жауап: тұтынушылар үшін бағаның айтарлықтай өсу қаупі минималды. Себебін түсіндірейік.

ҚҚС шегін төмендету бағаның өсуін теңестіруге көмектеседі  
ҚҚС төлеуші компаниялар өздері сияқты басқа ҚҚС төлеушілермен жұмыс істеуді көздейді, өйткені бұл оларға бюджетке төленетін салық сомасын азайтуға мүмкіндік береді. Егер ҚҚС төлеуші компания басқа ҚҚС төлеушіден тауар немесе қызмет сатып алса, ол төленген ҚҚС-ын есепке ала алады, нәтижесінде оның салықтық жүктемесі азаяды. Осылайша ҚҚС төлеушілер арасындағы жүктеменің бөлінуі бағаға деген қысымды азайтады.

Еңбекақы қорына түсетін жүктемөні азайту арқылы төңгерім сақталады  
Үкімет ҚҚС мөлшерлемесінің өсу ықпалын азайту үшін еңбекақы қорына түсетін жүктемөні төмендетуді жоспарлап отыр. Бұл шамамен тауар бағасының 40%-ын құрайды. Еңбекақы қорына түсетін жүктемөнінің азаюы бағаның қымбаттауына жол бермейді.  
Ауыл шаруашылығы саласындағы салықтық жеңілдіктер сақталады  
Қазір елімізде түрлі салаларға арналған салықтық ынталандырулар бар және олардың көбі өзгеріссіз қалады. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласындағы жеңілдіктер сақталады, бұл отандық азық-түлік бағасының қатты қымбаттауына жол бермейді.  
Осылайша ҚҚС мөлшерлемесінің болжамды өсуінің өсері жеңілдететін факторлармен өтеді, сондықтан бұл жалпы бағаның өдеуір өсуіне өсер өтпеуі тиіс.

**«Цифрлық сот орындаушысы» іске қосылды**

Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмалары аясында толық цифрландыруға негізделген жаңа технологиялық құрылымға көшу қажеттігі айқындалды.

Осылайша, азаматтардың борыштық жүктемесін азайту және Қазақстан Республикасының әділет органдарын одан әрі цифрландыру мақсатында Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңнама-сына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.  
2024 жылдың тамызында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі «Цифрлық сот орындаушысын» әзірлеп, іске қосты.  
Жаңашылдықтың арқасында халыққа жаңа оңайлатылған тәртіп аясында 20 АЕК-ке дейінгі мөлшердегі өкімшілік айыппұлдар мен салық берешегін өндіру бойынша атқару құжаттарының талаптарын орындауға мүмкіндік беріліп отыр.  
Оңайлатылған атқарушылық өкімінің түбегейлі айырмашылығы мен артықшылығы азаматтарды ҚМС қызметін төлеуге арналған шығыстар түріндегі қосымша қаржылық жүктемеден босату болып табылады.  
Атқарушылық іс жүргізу саласын цифрландырудан басқа, жоба азаматтарды жылына 5 млрд теңгеге жуық үнемдеуге мүмкіндік береді.  
Жүйе бірінші басшының немесе орынбасарының ЭЦҚ пайдалана отырып, жеңілдетілген іс жүргізуді автоматты түрде бастайды, үш жұмыс күні ішінде «Электрондық үкімет» жүйесіне (1414) Push-хабарлама жіберіледі, одан кейін борышкерге ұялы телефон нөмірлері, банктердің мобильді қосымшалары және 1414 нөмірінен хабарлама жіберуге болатын басқа жүйелер арқылы хабарланады.  
Қабылданған мәжбүрлеу шараларына екінші деңгейдегі банктердегі және жекелеген банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшалай қаражатқа тыйым салу, борышкерге мүлікке билік ету бойынша белгілі бір өрекеттерді жасауға тыйым салу, ол Е-Нотариат АЖ-ға жіберіледі.  
Шот бойынша қамауға алу іс қозғалған күннен бастап 5 күнтізбелік күн өткен соң, электронды нотариус қозғалған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң тағайындалады.  
Егер борышкер осы уақыт ішінде талапты орындамаған болса, жүйе инкассольдік өкімді бастама болған күннен бастап 20 күнтізбелік күннен кейін автоматты түрде береді.  
Борышкер көз келген кезеңде сілтеме бойынша өтіп, қалқымалы терезеде «Келіспеу» түймесін таңдау арқылы оңайлатылған іс жүргізуден бас тартуға құқылы. Бұл ретте атқарушылық іс жүргізу автоматты түрде ХСҚЖ-ға ауысады, бұл ретте борышкерден ССАЖ қызметі үшін төлем өндіріп алынады.  
Оңайлатылған іс жүргізу мерзімі 30 күнтізбелік күнді құрайды. 30 күннен кейін, егер борышкер берешегін өтемесе, қабылданған шаралар тиімсіз болды, ал егер борышкер оңайлатылған іс жүргізуден бас тартпаса, жүйе автоматты түрде атқарушылық құжатты МСҚ өндірісіне беру туралы қаулыны қалыптастырады. Оңайлатылған іс жүргізу бойынша атқару парағын алғаннан кейін ҚМС заңда көзделген барлық мәжбүрлеу шараларын қолданады, сонымен қатар қызметке ақы да жалпы тәртіппен өндіріп алынады.  
Оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылады және тиісті қаулы шығарылады, егер:  
1) атқарушылық құжаттың талабы толық көлемде орындалса;

2) атқарушылық құжатты беру негізінде тиісті органның шешімінің күші жойылса.  
Бұл ретте төлем ААЖ ХАЖ-ға біріктірілген төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылуы тиіс.  
Оңайлатылған іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылғаннан кейін атқарушылық шаралардың күші жойу-луға жатады.  
Оңайлатылған іс жүргізу аясында «Цифрлық сот орындаушысы» іске қосылғалы бүгінгі күнге дейін Шығыс Қазақстан облысы бойынша 215,5 млн.теңгеге 10577-ден астам атқарушылық өндіріс қозғалған. Оның ішінде азаматтар жеке сот орындаушыларының қызметіне төленетін төлемнің 25%-ын есептемегенде, іс жүзінде 32 млн теңге үнемдеді.  
**ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**  
Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметіне цифрландырудың толыққанды дамуын қамтамасыз етуді тапсырды: «Қазақстан толық цифрландыру және жасанды интеллектті жедел дамыту аумағына айналуы тиіс. Бұл біздің стратегиялық міндетіміз».  
Негізгі міндеттер шеңберінде Әділет министрлігі азаматтардың қаржылық және уақытша шығындарын үнемдей отырып, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, оның ішінде жасанды интеллектті қолдану жөніндегі шараларды көздейтін «Digital Justice» жобаларының портфелін іске асыруда.  
Бүгінгі таңда халықты онлайн режимінде білікті заң көмегімен қамтамасыз ете отырып, заң қызметтерін ұсынуға және алуға арналған «E-ZapKomegi» заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі бар.  
Бұл жүйе 1 949 адвокаттармен мен заң кеңесшілердің қатысуымен азаматтардың білікті заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге және жеңілдетуге бағытталған. 2023/2024 жылдары 88 738 іс қабылданды. Порталға 6 749 пайдаланушы келді.  
Қазіргі уақытта Азаматтарға тәулік бойы құқықтық кеңес беретін құқықтық ақпараттық қызмет операторларымен «Бейнеқоңырау» функционалы іске қосылды.  
Сонымен қатар, «Zap Komegi» мобильді қосымшасының тәжірибелік ортасында тестілеуден және оқытудан өтетін құқықтық кеңес беру бойынша жасанды интеллект элементтері бар чат-ботты әзірлеу мәселесі пысықталуда. Жасанды интеллектті іске асыру мақсатында министрлік заң қызметтерін көрсету бойынша платформаларды (zap bar, irgav, QapMU, QazYTU, QazYU және т.б.) әзірлеуге бағдарланған IT-ұйымдардың өкілдері қатарынан жұмыс тобын құрды.  
Айта көту керек, Әділет департаменті азаматтар арасында ақпараттық жүйені, қосымшаны жүктеуге арналған QR кодты, ақпараттық жүйе арқылы құқықтық көмек алу мүмкіндігі туралы бейнероликтерді, оның ішінде адамдар көп жиналатын жерлерде орналастыруды қоса алғанда, ақпараттық жүйені танымал ету бойынша жұмыс жүргізуде. Қосымшаны жүктеуге арналған QR кодтары Өскемен қаласы әуежайының, «Өскемен-Защита» темір жол вокзалының, облыстық автовокзалының ғимаратында, қалалық қоғамдық көлікте, қалалық базарлар аумағында орналастырылған.

2  
>

Встречи акимов  
с населением  
проходят  
в городах  
и районах ВКО



5  
>

Молочная  
синергия Востока:  
поставки  
от фермы  
до прилавка



# Рудный Алтай



ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКАЯ  
ОБЛАСТНАЯ ГАЗЕТА  
№ 7 (21022) 13 февраля 2025 год  
www.rudny-altai.kz  
Выходит с 10 апреля 1918 года

3  
>

СПОРТСМЕНЫ ИЗ ВОСТОЧНОГО  
КАЗАХСТАНА ПРОСЛАВИЛИ СТРАНУ  
НА МИРОВОЙ АРЕНЕ



10  
>

Беспокойное  
сердце  
туриста



11  
>

Фотокор  
высокого  
полёта



